



ТҰРДАЖ- ҚАЗАЛЫ

№103
(2274)
Сәрсенбі
25 желтоқсан
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ШЫРША ШАМЫ ЖАҒЫЛДЫ

Аудан орталығы - Әйтеке би кентінің орталық алаңында орнатылған жаңа жылдық бас шыршаның шамдары жағылды.

Салтанатты шарада жаңа жыл кейіпкерлері: Аяз ата мен Ақшақар түрлі кейіпкерлермен бірге ескі ұлу жылымен қоштасып, жаңа жылан жылын қарсы алды. Осындай ерекше қойылыммен басталған шарада аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет сөз сөйлеп, аудан жұртшылығын жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

– Жаңа жыл бәріміз ақ пейілмен асыға күтетін, қуанышқа толы, ең жайдары, келер күнге мол сенім артатын ерекше мереке. Қазақта «Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа» деген қанатты сөз бар. Біз де Жаңа жылға үлкен үмітпен қарап, берекелі іс пен баянды бақыт күтеміз.

Биылғы жыл еліміз үшін, оның ішінде киелі Сыр өңірі мен қасиетті Қазалы ауданы үшін бірлік пен берекенің,



жаңа жетістіктер мен толайым табыстың кезеңі болды деп айтуға болады.

Аудан экономикасының барлық саласында тұрақты өсім қалаптасып, даму көрсеткіштері ілгеріледі. Сондай-ақ ауданымызда айтулы істер, жарқын жобалар жүзеге асты. Өткен жылы аудан бюджеті 13,6 млрд. теңгені құраса,

биылғы жылдың 11 айының қортындысымен 18,6 млрд. теңгеге жетіп, аудан бюджеті 38,8 пайызға өсті. Қаражаттың басым бөлігі халықтың игілігіне, әсіресе, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалды. Келер жылы да ауданда атқарылатын ауқымды жобаларымыз көп. Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт

көп. Табалдырығымыздан аттағалы тұрған Жылан жылы өзінің толағай табысы мен ырзық, несібесін сыйлап, әрбір шаңыраққа құт-береке әкелсін!,- деді аудан басшысы.

Аудан басшысының құттықтау сөзінен соң шырша шамдары жағылды. Биылғы шырша шырағын жағу құрметі жас спортшы, грэпплингтен Қазақстан Республикасының чемпионы Бексұлтан Ерланұлы мен Мұстафа Матаев атындағы №170 мектептің үздік оқушысы Әмина Жасұланқызына бұйырды.

Шараны тамашалауға аудан тұрғындары мен қонақтары орталық алаңға көптеп жиналды. Ойыншықтар және түрлі-түсті шамдармен безендірілген шыршаны аудан жұртшылығы тамашалап, балақайлар айнала би биледі.

Мұнан соң меркелік кеш аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

2025 ЖЫЛДЫҢ БЮДЖЕТІ 18 МЛРД. 400 МЛН. ТЕҢГЕГЕ БЕКІТІЛДІ

Аудандық мәслихаттың кезекті 32 сессиясында «2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет» бекітілді.

Сессияға аудан әкімі Шермағанбет Мейрамбек Зинабдинұлы, облыстық бағыныстағы мекеме басшылары, қала, кент, ауылдық округ әкімдері мен әкімдіктің дербес бөлімдерінің басшылары қатысты.

Сессияға аудандық мәслихаттың төрағасы Әліш Ғазиз Әлмәмбетұлы төрағалық етті.

Сессияда аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет сөз сөйлеп, жыл басынан бері ауданымызда атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталды.

-2024 жылдың 11 айы қортындысымен өнеркәсіп өндірісі – 100,2 пайыз (24 млрд. 717 млн.теңге), өңдеу өнеркәсібі – 100 пайыз (22 млрд. 165 млн. теңге), ауыл шаруашылығы – 107 пайыз (20 млрд. 912 млн. теңге), тұрғын үй – 115 пайыз (57,1 мың ш.м.), сауда – 105,2 пайыз (12 млрд. 809 млн. теңге), құрылыс жұмыстарының көлемі – 123,9 пайызға (10,5 млрд. теңге) артты. Негізгі капиталға 23 млрд. 57 млн.

теңге инвестиция тартылып, өсім 113,3 пайызды құрады. 2024 жылға аудан бюджетінің кірістері 11 айда 14 млрд. 501,9 млн. теңгеге (101пайыз) орындалды. Жыл соңына дейін жалпы кірістер болжамы 18 млрд. 847,0 млн. теңгеге (101пайыз) орындалуы күтілуде. 2025 жылға аудандық бюджеттің өз кірістерін 3,1 млрд. теңге көлемінде бекітіп отырмыз. Дегенмен, жыл соңына дейін 4 млрд. теңгенің үстіне шығару жоспарымыз бар. 2025 жылға аудан бюджетінің бекітуге ұсынылып отырған көлемі 18,4 млрд. теңгені құрайды. Бұл 2024 жылға бекітілген (11 млрд.теңге) көлемнен 7,4 млрд.теңгеге немесе 67,3 пайызға ұлғайып отыр. Аудан бюджетінің басым бағыты халықтың өмірі мен әлауқатын одан әрі арттыру болып табылады,- деп сөзін түйіндеді аудан басшысы.

2025 жылға арналған аудандық бюджет жобасымен аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Жарылқап Бахытжан Дүзелбайұлы таныстырды.

Бұдан бөлек сессияның күн тәртібінде төрт мәселе қаралды. Аудандық мәслихаттың

төрағасы Ғазиз Әліш мәслихаттың жыл көлемінде атқарған жұмыстары туралы есебін беріп, мәслихаттың 2025 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

Сонымен бірге, аудандық мәслихаттың депутаты Саирабеков Әділбек Сербайұлы «Экономика, қаржы, бюджет, кәсіпкерлік және құрылыс» жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі», аудан әкімінің орынбасары Назымбеков Күнтілес Айдарбекұлы «Қазалы ауданы бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің даму барысы, кәсіпкерлерге көмек көрсету, қолдау шаралары және мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы туралы» хабарлама жасады.

Сессия алдында тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы өткізіліп, күн тәртібіне ұсынылған мәселелерді талқылауда аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш:

- 2024 жылдың бюджеті 11 млрд. бекітілсе, 2025 жылдың бюджеті 18 млрд. 355 млн. теңге бекітіліп отыр. Бұл аудан экономикасы үшін үлкен көрсеткіш.

Сонымен бірге, жыл көлемінде аудан бюджетін нақтылау кезінде республикалық, облыстық бюджеттен трансферттер бөлінеді деп күтілуде. Қазіргі таңда, тұрғындар арасында қоғамдық көлік мәселесі қиындық туғызып келеді. Осы мәселеге байланысты қоғамдық көліктерді субсидиялауға аудандық бюджеттен 30 млн. теңге қаралуда. Егер бұл қаражат жеткіліксіз болса алдағы уақытта қосымша қаржы қарастыру қажет. «Өркендеу» ауылдық округіндегі Жанкент көшесін жөндеуге қаржы бөліп, басқа да ауылдық округтер бойынша ең қажетті кезек күттірмейтін мәселелерге көңіл бөлу қажет,- деді.

Аудандық мәслихаттың депутаттары: Эльмира Нұрмағанбетова, Нұрғиса Жалғасбаев 2024 жылы ауданымызда атқарылған жұмыстар жөнінде оң пікірлерін айтып, аудан әкіміне ризашылықтарын білдірді.

Сессия соңында депутаттардың дауысқа салу қортындысымен тиісті шешімдер қабылданды.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

КІШКЕНЕ БАБА ЕСЕНӘЛІҰЛЫ

Он сегіз мың ғалам жаратылып, оған адамзатты иелік етуге бекіткеннен бері талай адамзат баласы дүниеге келіп, өмірден өтіп жатыр. Бір халықтың аты, тілі, мемлекеті сақталып, ал көбінің тарихта ізі қалмапты. Оның негізгі себебі, олардың ділін, тілін, дінін, салт-дәстүрін сақтай алмай, басқа халықтармен араласып кетуінде. Ата-бабасының тарихы мен шежіресіне мән бермеуінде.

Құдайға шүкір, қазақ халқы «мың тіріліп, мың өліп» жүрсе де, ұлан-байтақ жерінде өз ұлттық болмысын сақтап қалған. Осының ең негізгі себебі, қазақтың ділге, тілге, шежіреге деген дұрыс көзқарасы. Үш жұртының кім екенін ұғынуы. Содан «қарға тамырлы» қазақ атанып, қайда жүрседе өзінің ұлтын, ата-тегін, туған-туыстарын ұмытпаған. Өз руының, тайпасының, жүздің, қазақтың ұранын айтып, жауға қарсы «Аттан!» дегенде өз руы, тайпасы, халқы үшін, жері үшін жан аямай күрескен.

Мұхаммед (Ғ. С.)-ның қасиетті сөзінде (хадисінде): «Ата тегінді, туыс-туғандарыңды жақсы танып біл. Өйткені өзара қарым-қатынас жасауың үшін қажет болады. Егер қарым-қатынасың үзілсе, жақын

туысқаныңның да еш пайдасы тимейді. Жырақта тұрғаныңмен бір-біріңмен жақсы қарым-қатынаста болсаң, алыстықтың зияны жоқ» - делінген.

Құдайға шүкір, Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бері талай шежірелер жазылып, талай тайпаның тарихы хатқа хатталуда. Дініміз оралып, тіліміз қалпына келіп, тарихымыз түгенделіп келеді. Соңғы жылдары бала-бақшадан бастап жеті атасын жаттатып, шежіре жазу жаппай қолға алынды. Кей рулардың шежіресі түгел, кей аталықтардың да шежіре-тарихнамалары жарық көрді. Шежірелерге сәйкес ұрпақтары ата-бабаларына қолдан келгенше белгі қойып, кесене салып, олардың аттарын мәңгілікке қалдыруда.

Біздің ата-бабаларымыз салт дәстүр мен әдет-ғұрыптарды сақтай отырып, ислам дінінің негізінде әруақтарды еске алу, ата-бабаларымыздың рухын қастерлеу, мекен еткен жерлеріне белгі қойып, рухына тағзым ету дәстүрін жалғастыруда.

Міне, осындай тарихымызды түгелдеуге арналған, ата-бабаларымыздың өткендерін еске алып, үлгі ететіндей тағы да бір үлкен іс-шара ауданымызда басталып та кетті.

Дүниеде еш нәрсе де себепсіз болмайды. Астанада тұратын қазалылық Кішкене баба ұрпағы Ғани Сақыпжанұлы бауырымыз бастама кетеріп, Кішкене бабаға ас беріп, кесене салу мәселесін қолға алуда. Бұл бастамаға Кішкененің ұрпақтары түгел қолдау көрсетіп, іс-шараға арналып ынталы топ пен қор құрылып, жұмыс қызып келеді.

Негізгі мақсат - Кішкене бабаны ұлықтау арқылы ауызбіршілігімізді нығайту, өзіміздің кім екенімізді тану, қайдан шыққанымызды, не үшін өмір сүруге талпынып жатқанымызды ұғыну.

Ата-бабаны ардақтау, олардың аманатын сақтау ұрпақтарының парызы. Ата-бабамыздың жақсы істерін үлгі тұтып, рухына тағзым етпесек, рухымыздан айырылып мәңгірт болып қалуымыз мүмкін.

Біздер тегімізді сөз еткенде, ата-бабаларымыздың кім болғанына аса мән береміз. Бұрыннан келе жатқан аңыз әңгімелер мен шежірелерімізде Кішкене бабаның кім болғаны тарихта және халықтың жадында мәңгі сақталып қалған.

Кішкене баба көрегенділігінің, күшқайратының, жігерінің, ақылының арқасында, өзге

жерде жүріп-ақ құрметке бөленген. Ел аузындағы аңыз әңгімелер мен ол жайлы жарық көрген қазалылық Шарафдин Алтынбайұлының «Әлім Кішкене баба Есенәліұлы» атты тарихи-ғұмырнамалық шежірелік эссесінде, ақын, жазушы Әбдісаттар Оспановтың «Кішкене» дастанында, жазушы Еркінбек Тұрысовтың «Бәйдібек» және «Құла айғыр, құлан және Құланбике» атты тарихи хикаяттарында Кішкене баба туралы деректер жинақталған. Баба қалай дәріптеуге де тұратын тұлға.

Кішкене бабаның 18 жасында батыстағы Жем, Електен шығып, сонау Қаратаудың баурайындағы Бәйдібек бидің аулына баруы, байдың көңілінен шығып, жылқы қосынын Құла айғыр мен құланмен бірге баққаны, жұттан аман шығып, мыңдаған жылқыны ауылға айдап келуі, Бәйдібек бидің әулие кіші әйелі Нұриладан (Домалақ анадан) туған Қоңырбикенің Кішкенеге ғашық болуы жайдан-жай нәрсе емес. Бәйдібек би қызын Кішкенеге бергеннен кейін, жылқысының жартысын бөліп беріп, еліне қайтаруы, ол жақта Кішкененің Жиеней атты баласының тууы да өз алдына үлкен бір оқиға.

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ БАСТЫ НАЗАРДА

Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзіне асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебіне жоғары талаптар қойылады.

Әрине, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруда мемлекеттік қызметшілердің меритократия қағидаттары негізінде өз еңбегіне сай мансаптық өсу мүмкіндігімен қатар олардың моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады.

Дегенмен, мемлекеттік қызметшілердің қызметі Кодексте белгіленген талаптар аясында жүзеге асыру қажеттілігіне қарамастан, соңғы кезде мемлекеттік қызметшілер тарапынан әдеп бұзушылықтар жасау фактілері әлі де орын алууда.

Мысалы, 2024 жылдың 11 айында Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі Кеңестің шешімдері негізінде Кодекс талаптарын бұзғаны үшін 4 мемлекеттік қызметші,

мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол бергені үшін 5 мемлекеттік қызметші әр түрлі тәртіптік жазаларға тартылған.

Атап айтсақ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаменттің қарауына түскен Қызылорда қаласы тұрғынының шағымы негізінде Қызылорда қаласының әкімдігіне қарасты дербес бөлімнің басшысының әрекетіне қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Өз кезегінде, шағым иесі дербес бөлімнің басшысы өзінің тұрғын үйінің алдына келіп, полиция қызметкерінің бейнежетонын өзінің омырауына тағып, жазба жүргізгені үшін заң аясында шара көруді сұраған.

Аталған уәждерді нақтылау мақсатында бөлім басшысынан түсініктеме алынып, онда ол аз-ша Г.-ның шағымында көрсетілген уәждерімен келіспейтінін көрсеткен.

Осыған байланысты, аз-ша Г.-ның шағымында көрсетілген уәждер бойынша Департаментімен Қызылорда облысының полиция департаментінен ақпарат сұратылды.

Қызылорда қаласының полиция басқармасының жауабында аз-ша Г.-ның шағымы негізінде

Қызылорда қаласының полиция басқармасының жергілікті полиция қызметі бөлімінің учаскелік полиция инспекторына қатысты қызметтік тергеу жұмыстары жүргізіліп, оның тарапынан бейнежазба жасайтын өзіне бекітілген бейнежетоны әкімшілік қызметкеріне бергені анықталып, ҚР ішкі істер министрлігінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы №971 бұйрығының 28-тармағында көзделген талаптарын бұзғаны үшін полиция басқарма басшысының бұйрығымен оған «қатаң сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылғаны хабарланды.

ҚР Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің 6-тармағының 4) тармақшасында мемлекеттік қызметшілерге азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дөрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмауы тиіс делінген талаптар қойылған.

Дегенмен, дербес бөлімнің басшысы полиция қызметкерінің бейнежетонын

өзінің омырауына тағып, жазба жүргізу әрекетімен аз-ша Г.-ның тарапынан сынға себепкер болған.

Яғни, тексеру барысында жинақталған құжаттармен және дәлелдермен бөлім басшысының мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің талаптарын бұзылуына жол бергендігі анықталды.

Аталған факті бойынша бөлім басшысына қатысты тәртіптік іс қозғалып, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің отырысында қаралып, кеңес шешімімен Қызылорда қаласының әкіміне оған «қатаң сөгіс» түріндегі тәртіптік жазаны қолдануды ұсынылды.

Шешімді қарау нәтижесімен Қызылорда қаласы әкімінің 2024 жылғы 7 қарашадағы №311 өкімімен бөлім басшысына «қатаң сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Яғни, Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде аз-ша Г.-ның бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Т.НҰРТАЕВ,
Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік
қызмет істері агенттігінің
Қызылорда облысы бойынша
департаментінің мемлекеттік
қызмет саласындағы бақылау
басқармасының
басшысы

ӘУЛЕТТІҢ ОШАҚ ОТЫН СӨНДІРДІ

Шымқала. Сақал шашы өскен, ұзын бойлы жігіт ағасы үстіндегі көне тоз пиджағын қапсыра салқын желден қорғана түсті. Нұрсыз жанарымен жақын маңға көз тігіп, жасқана қарағанымен көз тоқтатар аумақтан бас сұғар жерді бағамдай алмай назарын еріксіз төмен салды. Құр сүлдесі қалған бейшара жанның бірнәрсе ойлауға да мұршасы жоқ, бағыт-бағдарсыз аяғын санап басып алға қарай ұмсынып жүре берді. Белгісіз түйсікпен базар жақты тұспалдап келеді. Базарға жетсе, алақан жайып қайыр сұраса, қайырқом жандар, болмаса аяныш білдірген біреулер қолына майда тиын -тебен ұстатса шағын асханалардың есігінен қорғана сығаламақ. Аспазшының көңіл ауанын аңдап, «әйда тарт» деп ішке кіргізбей қуып шықпаса қатқан нан, астың қалдығы, суық сумен болса да жүрек жалғап алмақ. Шарасыз жанның күнделікті тірлігі осы. Базар аралап жүргені сол. Тілемсек көңіл базаршылардың әрқайсысынан алақанын жайып тиын-тебен дәметеді. Мұндайда алыс ауылдан базарлап келген қазақы мінезді жандар жомарттау. Көңілі түсіп, аяушылық білдірсе ұсақ тиындарына қоса майда қағаз ақшаларды да қолына ұстата салады. «Мұндай күйге қалай түстің бейшара қазақтың баласы...», - деп мүсіркей сөйлейтіндері де бар. Бірақ мұның олардың сөздерін елеп, ескеруге мұршасы жоқ. Өйткені адамның бойындағы ар, ұят деген қадірлі қасиеттерді бұл әлдеқашан жоғалтқан. Тіпті, осындай қорлық жағдайға түсуіне, азып-тозуына не себеп болғанын ажыратудан, ойлаудан қалған. Алды көмескі, айнала тұман. Қалт-құлт етіп жүреді, байғұс пенде. Тағдыр тәлкегіне түскен бұл мүскінді бүгінде мүсіркеушілер де аз. Оны білетіндер сырт айналып қашқақтайды...

Бұл пендеңіз аудан орталығынан шалғайдағы ауылдың байырғы қарт диқаны, атақты бақша өсірушісі Нұрмұрат қарттың құдіретті Алладан қайта-қайта жалбарынып, әулие-әмбиелердің басына барып түнеп, тәу ете жүріп тілеп алған тұңғыш перзенті екенін жұртшылық қайдан білсін. Қайран, Нұрекең қарт мына өмірді талақ етіп, өткінші дүниеден ұрпақсыз өтем бе деп, талай жылдар мен айлар, күндер түнді ұйқысыз өткізіп, күндіз ой орманын армансыз аралап аң ұрып аласұрғанда ойына тиянақ таппай жан күйзелісіне түсетін. Осындай сынаққа салып қинайтындай құдіретті Аллаға нендей жазығы барып білмей дағдаратын. Алла пендесінің осы күйзелісіне рақым етті ме, кеште болса тілегін берді, оғанда мың шүкір. Шау тартып қалған ерлі-зайыптылар құдайдан тілеп

алған баласын үкілеп бағып, күн сайын амандығын тілеп, тәйтәй басып, одан есейіп кеткенше қылпып қыл үстінде жүрді. Баласының аузына барын тосты, қолдағы барымен киіндірді.

Тұңғыш перзенті желкілдеп өсіп келе жатқанда құдірет иесі Алланың өзіне шүбәсіз сенген пендесіне жақсылығы көп екен де, аяғы ауырлап Балзия ана дүниеге екінші перзенті қыз баланы әкелді. Қыз баланың есімін Үміт деп қойды. Балаға шөліркеген отбасының қуанышында шек болсашы. Осындай аста-төк көңілді шақтарында астамшылықпен артық айтқан ағаттықтары үшін құдіреттен ылғи да кешірім сұраумен болатын. Екі перзентін аман қылуды жалынып тілейтін.

Алайда тылсым өмірдің біз білмес құпиясы, жұмбағы көп екен. Алланың тағы бір мына сынағын қараңызшы. Өткен ғасырдың 70 жылдарының басында бір-біріне сүйеу болып желкілдеп өсіп келе жатқан ағалы, қарындасты Кәрібек пен Үміттің ата-аналары бірінің соңынан бірі жыл аралатып дүниеден озды. Атадан жалғыз Нұрмұраттың ет жақын туыстары да жоқ екен. Екі жетім отбасының ойраны шыққанын бағамдамақ түгелі, не болып, не қойғанын түсіне алмай анасын құшақтап жылап алас ұрған. Құдай ешкімнің басына бермесін, панасыз қалған қос жетімектің зарын естіген жанашыр ауыл жұртшылығы аянышпен олармен қоса егілген. Үлкені Кәрібек ер бала ғой, ал кішкентай Үміттің балғын дауыспен шарасыз анасын жоқтаған үні талай адамның көңілін босатып, жанарларына жас үйірілдірді. Олар қос мұңлықты қалай жұбатарларын білмей дағдарды.

Балзияны жерлеген соң қос жетімді көрші ауылда тұратын нағашы әжесі Ажар көшіріп алып кетіп, қамқоршы болды.

Жылдар жылжып өтті. Кәрібек ауыл орталығындағы орта мектепті бітірді. Егіс бригадасында жұмысшы болып жүргенде Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге шақырылды. Екі жылдан соң ауылға оралды. Ұзын бойлы сырықтай жігіт болыпты. Гитара аспабында ойнауды үйреніпті. Нағашылары, әсіресе нағашы әжесі Ажар орнында бар оңалар дегендей қатты қуанды. Әскерден аман келгеніне той жасап, қатарластарының басын қосты. Осы жолы Балзиясының отбасының оты өшпейтініне күмән келтірмеді.

Бір күні қарт әже жиен немересін сөзге тартты.

- Балам жігіт болдың. Енді қандай ойың бар. Ауылда жұмыс істейсің бе?

- Әже, рұхсат етсең Қызылорда қаласына барамын. Онда әкемнің аталас ағайыны бар. Жұмысқа тұруыма



көмектесер. Болмаса да қаладан жұмыс табылар.

-Балам талап қылам дегенің жөн. Үлкен қаладан оқу да, жұмыс та табылады дейді айтушылар. Бірақ, мынаны есіңе тоқып ал. Енді сен бір отбасының иесі болуың керек. Сен енді бала емес, азаматсың. Балзияның ерке баласымын дегенді естен біржола шығар. Қарындасың Үміттің ендігі қамқоршысы, ақылшысы сенсің. Бір айтарым үлкен қалада сені ешкім басыңнан сипамайды. Еркелігіңді ешкім көтермейді. Жауапкершілікті сезінуің керек. Өзіңе сақ бол. Жаңа ортада досыңды таңдай біл. Атап айтайын, қолымда өскен немеремсің ғой, ермелігің бар, балам. Отқа түсіп қалма. Біреулерге алда-нып қалма. Мен қартайдым балам. Енді сенің жақсылығыңды көруге жазсын маған, Алла. Сапарласаң, жолың болсын!

Ажар ана жиенін сапарға ақ батасын беріп аттандырды. Көпке дейін немересінің жәйін ойлап мазасызданып жүрді. «Жетімекке жебеу бола көр» деп Алладан медет сұрады. Тек, жұмысқа тұрдым деген хаты жеткенде ғана көңілі сәл жайланды. Сонда да Үмітке ағаңның амандығын сұрап хат жазып тұрсайшы деп жиі мазалайды.

Содан Кәрібектен хат тиылды. Әжесі қаншама алаңдағанымен ол жақтан тым-тырыс хатта, хабар-ошарда болмады. Үнсіздік ұзаққа созылды.

Қарт әже денсаулығы сыр беріп жүргенде немересінен хат-хабардың болмауы қосымша жүрегіне жүк артты. Бір күні «Кәрібек сотталып кетіпті» деген сыбыс шықты. «Төбелестің ішінде болыпты» дейді айтушылар нақтылап. Ақыры сыбыс шындыққа айналды.

Төрт жылдан соң Кәрібек Арандыдағы ауылға төбе көрсетті. Бұрынғы Кәрібек емес, азып жүдеген, бұрынғысынан өзгерген. Ауылда тұрақтап тұра алмай, қайта қалаға кетті. Содан хабарласпады, елге де келмейді. Тек, көрі әжесі ғана «осы жиеннің жолы ауыр болмаса не қылсын» деп уайымдай-

тын.

Жылдар жылжып өтіп жатты. Тағы да Кәрібектен ауылға жағымсыз хабар жетті. Қайдан тауып алғаны белгісіз Шымкент қаласына тұрмысқа шыққан қарындасы Үміттің отбасына барған. Азған, тозған, тірегі санаған ағасының осындай халін көргенде Үміттің жүрегі қан жылаған. Амалы қанша, барар жер, басар тауы жоқ ағасын амалсыз паналатады. Отбасының кейісті сөздерін естисе де туған бауырын тірі тұрғанда қалай кеудесінен итермек. Қанша шырылдап, ағасына жаны ашығанымен оның дұрыс жолға түсуіне көмек көрсете алмайды. Тіпті, аяулы ағасының осындай күйге түскеніне, нендей себеп болғанына он ойланса да басы жетпей дал болады. Өкініштен әкесі мен анасының ошағының отын түзу ұшыратын, қайта тұтатын ағасының мына халі жанын ышқынып, «Қайран ата-анам-ай, ізбасарыңның мына халін көрмей өмірден ерте өткендеріңіз Алланың сіздерге үкімі болған шығар», - деп қамығады.

Бұдан біраз жылдар бұрын қарт ата –ана мына өмірде ізбасарым бар деген үмітпен жанталасып жатып демі шығар алдында перзентіне үмітпен көз тігіп барып мәңгілікке тыныстаған еді. Әйтеуір көзі тірісінде ұлының жаманшылығын көрмей, тоқ көңілмен пәни жалғанға аттанғандары жөн болған екен.

Өмірдің сан қилы жұмбағын қараңызшы. Дүниеге келген кез-келген пенде ұрпағым үшін деп басын тау-тасқа ұрып, баласының амандығын тілеп, өз жанын құрбан етеді. Ал, ұрпағы ше? Ата-ана алдындағы перзенттік парызын өтей алар ма? Мәселен, Кәрібек, Кәрібектер ше. Ұрпақтың міндетті парызына балта шапқан олардың кәнігі, қаныпезер жеңдеттерден қандай айырмашылығы бар. Осыны баршамыз әлі күнге пайымдай алып жүрміз бе? Оқырман бұған сіз қалай жауап берер едіңіз.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

КІШКЕНЕ БАБА ЕСЕНӘЛІҰЛЫ

(Соңы. Басы 2-ші бетте)

Алла берейін десе еш қиындығы жоқ. Елге келе жатқанда жолда ханның жалғыз баласы науқастанып, оған құланның қолқа қаны ем болады деп, Кішкенеден қосынмен бірге келе жатқан құланның қанын сұратуы, одан баланың жазылып, хан қызы Қаракөзді (кейінгі аты Құланбике) Кішкенеге жар етіп беруі де кездейсоқ жайт емес. Сонымен бірге жолда Қоңырбикенің Жолшара атты ұлды болуын Алланың берген сыйы деп білуіміз қажет.

Кішкене бабамыз елге оралғаннан кейін бұрынғы өткен-кеткен оқиғаларды қаперіне алмай ағасы Палуанмен бірігіп, Есенәлі әкесінің әулетін өркендетуге зор үлесін қосады. Алты баласы алты ауыл

болып, осы әулеттен ел -жұртқа танымал ел билеген көсемдер, дауды шешкен шешендер, елді жаудан қорғаған батырлар, ақындар шықты.

Басқаны былай қойғанда, Кішкене бабамыздың Қоңыр мен Құланбике жарларының текті жердің ұрпағы болғаны, осы аналардан өрбіген ұрпақтары Алты Кішкенеміз деп, әліге дейін енші бөліспей, бір өлкеде тату-тәтті өмір сүруінің өзі көп нәрседен хабардар етіп тұрған жоқ па?!

Бірінші Алладан, екінші Қоңыр және Құланбике аналардың арқасында Кішкене бабамыз қайын жұртынан бата алып, елге оралғаннан кейін ұрпақтарын көбейтіп, «Алты Кішкене» деген ат пен атаққа ие болған. Сондай данагөй қос

анаға Кішкене бабамыздың жанынан ескерткіш орнату, кейінгігепашетуадамгершіліктің ең биік сатысының бірі емес пе.

Мен, 2016 жылдан бері, мақалалар жазып, Анаға тағзым-ұлтқа құрмет мәселесін көтеріп жүрмін. Қоңыр мен Құланбике аналар арқылы аудан аналарын ұлықтаудың жолдарын ұсынғанмын. Жақсылардан шарапат демекші, Кішкене бабаның шарапаты тиіп, енді ардақты аналарымыз да өз дәрежесінде ұлықталмақшы.

Мақала жазуымның мақсаты басталған іске оң болсын айту, бұл жұмыс тек қана бір рудың шаруасы емес, ойдағы-қырдағы, батысы Жем мен Електен, шығысы Қаратаудағы Алты Кішкененің нағашылары қалың Үйсінге дейін, Қазалы

өлкесінен тарағандардың шаруасы деп білемін. Өйткені Қазалы өңіріндегі әрбір отбасының Алты Кішкенемен ағайын-туыстық, құда-жекжаттық қарым-қатынасы бар екені бесенеден белгілі.

«Қой асығын қолыңа ал, қолайыңы жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болсаң, манартауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің», - деп ел басын, топ басын мықтап сайлап алып, осы іске халық болып, білек сыбана кірісетінімізге кәміл сенемін. Шаруаның сәтті де, сапалы болып бітуіне Жаратушы Ие жар болсын!

**Сержанқожа
БЕРДЕНҰЛЫ,**
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

ЕУРОХАТТАМА ТӘЖІРИБЕСІ

Көлік жүргізушілер кішігірім жол-көлік оқиғаларына тап болса, сақтандыруды полицияның қатысуынсыз ресімдей алады.

Алдымен жол-көлік оқиғасын ресімдеу үшін әрбір жүргізуші ұялы телефонына «Еурохаттама» қосымшасын қосып алуы керек. Бұл жүргізушілерге оқиға материалдарының фотосы мен бейнежазбасын тіркеп алуы үшін қажет. Біріншіден, азаматтар жол-көлік оқиғасын ресімдеу үшін енді полицияны күтпейді. Екіншіден, оқиға кезінде жүргізушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды. Үшіншіден, сақтандыру төлемдерінің мерзімі қысқарады. Бұрын мұндай жағдайда сақтандыру төлемін алу 30 күннен 90 күнге дейін уақыт алса, енді бұған бар болғаны 5 күн уақыт кетеді.

Дегенмен, «Еурохаттама» арқылы жол апатын тіркеудің өзіндік шарттары бар. Ең бірінші, жол-көлік оқиғасы екі көліктің қатысуымен орын алуы қажет. Одан кейін жүргізушілердің сақтандыру полистері болуы міндетті. Оған қоса, «Еурохаттамаға» жүгіну үшін зардап шегуші мен кінәлі тарап арасында даулы мәселенің болмауы да маңызды. Ең бастысы, оқиға кезінде ешкімнің денсаулығына залал келмеуі тиіс және келтірілген шығын көлемі 100 айлық есептік көрсеткіштен, яғни 369 мың теңгеден аспағаны жөн.

Ал, артықшылығына келсек, жаңа ереженің үлкен қалалардағы көлік кептелістерін азайтуға септігі мол болмақ. Қазір қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жол оқиғасы орын алғанда жүргізушілер тәртіп сақшыларын күтіп, көлікті оқиға орнынан қозғамайды. Енді мұндай сәттерде «Еурохаттама» арқылы жол апатын бар-жоғы 15 минуттың ішінде ресімдеуге мүмкіндік алады. Егер жүргізуші өтемақы мөлшеріне келіспесе немесе жол апаты «Еурохаттама» талабына сай келмесе, полицияға қоңырау шалып, жағдайды бұрынғыдай дәстүрлі жолмен реттейді.

Бекқожа МАХАМБЕТАЛИ,
Қазалы аудандық
соты әкімшісінің басшысы

ТУҒАН ТІЛДІ ҰЛЫҚТАҒАН КЕШ

Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейдің акт залында аудандық «Қазақ тілі» қоғамының «Тілімізді ұлықтайық!» атты шарасы болып өтті.

Аталған шара шымылдығы салт-дәстүр, тілді құрметтеу, туған жердің мәртебесін көтеруді сахналаған шағын көрініспен және лицейдің 4 «а» сыныбы оқушылары оқыған «Мен қазақпын» өлеңімен ашылды.

Шарада Қазалы ауданы әкімі аппаратының басшысы Р.Тілеп құттықтау сөз сөйлеп, мемлекеттік тілді, білім мен мәдениетті дамытуға қосқан үлесі үшін бірқатар тіл жанашырларын «Абай аманаты» төсбелгісімен, аудан әкімінің, облыстық және аудандық «Қазақ тілі» қоғамы филиалдарының «Алғыс хаттарымен» марапаттады.

Мерекелік кешке жиналғандар

«Айсер» хор ұжымының «Егемен елім», вокальды топтың «Ананың тілі», «Жігіттер» квартетінің «Бұл біздің жер» әндерін тыңдап, ерекше әсерге бөленсе, 8-10 сынып оқушы қыздарының «Қазақ» биіне ризашылықпен қол соқты.

«Қалампыр» әжелер ансамблінің орындауындағы «Той базар» халық әні мен «Мұғалім, ата-ана, оқушы» мюзиклі тыңдаушысын баурап алды. Кештің соңында «Сен қазақсың» әні әуелете шырқалып, барлық қатысушыларды риза етті.

Айта кетейік, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы биыл 35 жылдық мерейтойын тойлады. Осы уақытаралығында аудандық «Қазақ тілі» қоғамы филиалы және «Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігі ауданда мемлекеттік тілдің қоғамдағы қолданыс аясын кеңейту, оның маңызын одан әрі жетілдіруде

көптеген ақымды істерге мұрындық болып келеді.

Мерекелік шараға қоғамның бастауыш ұйым тарағалары мен тәрәйымдары, тіл жанашырлары мен мектеп оқушылары қатысты.

**Қазалы
ауданы
әкімдігінің
баспасөз
қызметі**



Меншік иесі: «ТУРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Туран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Е-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.